

"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 17 шілдедегі N 206-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 17 шілдедегі
N 206-ө өкімімен

бекітілген

**"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы"
Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 23 наурыздағы
Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік
құқықтық кесімдердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық кесімнің атауы	Кесімнің нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), БҒМ, "ҰИҚ" АҚ, "ИТТО" АҚ	2006 жылғы қазан
2.	Бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар беру және өнеркәсіптік меншік объектілерін енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы есеп беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині, "ҰИҚ" АҚ, "ИТТО" АҚ	2006 жылғы тамыз
3.	Бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алуға арналған өтінімдерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), БҒМ, ЭБЖМ, Қаржымині,	2006 жылғы қыркүйек

